

**Әуликөл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 қарашадағы № 213 "Әуликөл ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 234 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 31 желтоқсанда № 10345-10 болып тіркелді

Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әуликөл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 қарашадағы № 213 "Әуликөл ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін (Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 22 қарашада № 10313-10 болып тіркелді):

көрсетілген қаулының 4 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Осы қаулы 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады."

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) әділет органдарында осы қаулының мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жариялағанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

*Ж. Таукенов*